

«БЕКІТЕМІН»



№268 мектеп-лицей
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директоры

М.Абиляев

«*М.Абиляев*» 2023 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
іске асыру бойынша
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

Қызылорда, 2023 жыл

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы;

«Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;

«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы;

Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар);

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар).

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз)

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ. 1 сәуір, 2023 жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жанғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «карашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен береkesін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, **#БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ХЕШТЕГІН ТЕГТЕУ**

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	МАД, 1-4 Сыныптар 5-9 сыныптар 10-11 сыныптар	«Мектепке жол» акциясы	1.08-30.09.2023ж	Демеушілер, жеке кәсіпкерлер, еріктілер т.б	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Тәлімгер Педагог- психолог Әлеуметтік педагог
2	1 қыркүйек – Білім күні салтанатты жиын Білім күнін және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары <i>бейнеролик</i>	1.09.2023ж	Білім беру ұйымдары, білім саласының ардагерлері т.б	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Тәлімгер Кітапхана Педагог психолог Әлеуметтік педагог
4	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау; Наркопост мүшелерін	5-11 сыныптар	Хаттама	04.09 – 09.09.23	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ҚР ПІМ қарасты	ДТЖО Сынып жетекшілер

	сайлау; Наркологиялық бекеттердің жылдық жұмыс жоспарын бекіту.				жергілікті полициясы департаментінің өкілдері	
5	«Тіл - кемел болашақ тұғыры» тақырыбында мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету, қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	5-11 сыныптар	Мектепшілік онкүндік шара Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	4-15.09.2023ж	ҚББ, тілдер орталығымен байланыс, журналистер т.б	Сынып жетекші, Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын бірлестік жетекшілері
6	«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жоспарын жасау, «Медиация» қайта құру	1-11 сыныптар	жоспар	5.09.23	ҚР ІІМ қарасты жергілікті жол полициясы департаментінің өкілдері	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
7	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	1-9 сыныптар	Тәрбие сағаты	8.09.2023ж	ҚР Ішкі істер министрлігі, жол полициясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
8	«Сергіту сәті» Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар #физкультминутка #зож #менспроттытаңдаймын #явыбираюспорт	1-9 сыныптар	«Тогыз айға тоғыз шара» жобасы челлендж	8.09.2023ж 10:00	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	ДТЖО Дене шынықтыру пәні бірлестігі Сынып жетекшілер

9	«Жасай бер, жайна, Қызылордам!» Қызылорда қаласына 205 жыл іс-шара жоспарын жасау, жоспар бойынша жұмыстарды ұйымдастыру «Менің Қызылордам!» сурет байқауы «Мен және менің қалам» фото коллаж жасау «Қастерлі мекен қасиеті» көрікті жерлерге саяхат «Бойында дарияның, керіле аққан» тәрбие сағаты «Күз ханшайымы» байқау «Алтын дән - 2023» дәнді дақылдардан жасалған қол өнері «Қараша күз келді» мәнерлеп оқу сайысы «Беркелі, мерекелі күз келді» эссе байқауы «Алтын күз келді бақшама»	1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар 4-сыныптар 5,6,7-сыныптар 8-сыныптар 9-сыныптар 8,9,10-сыныптар 11-сыныптар	сынып сағаты	11-15.2023	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Көркем еңбек пән мұғалімдері
10	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау;	5-11 сыныптар	Хаттама	11.09 – 16.09.23	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	ДТЖО Сынып жетекші

12	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту.	МАД-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы, ата-аналар жиналысының хаттамасы	14-15.09.2023	Ата-аналар академиясы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
13	«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» «Жемқорлық адамның жауы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	видеоолик байқауын өткізу; Әлеуметтік желіге жариялау	18.09-23.09.23	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшісі
	«Балалар және театр» жобасы мүшелерінің I отырысы	1-11 сыныптар	Хаттама	18.09-23.09.23	Мәдениет және спорт министрлігі	Мектеп театры мүшелері
14	Парламент ұйымын қайта құру (өзін-өзі басқару) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	8-11 сыныптар	сайлау	18-22.09.2023	Мектеп парламенті	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері Тәлімгер
15	«Табиғат-адам-қоғам» оқушылары арасында дебат өткізу	8-9 сынып жетекшілері	Анықтама	18.09-23.09.23	Дебат клубы	Дебат клубы мүшелері
16	«Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	10-11 сыныптар	конкурс	19-28.09.2023	Қожа Ахмет Ясауи атындағы университетпен байланыс	Бірлестік жетекшілері Сынып жетекшісі
17	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	22.09.2023ж	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі

	өрен» жобасы)					жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
18	«Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтары («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	ҚР Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ардагерлері мен әскери қызметшілерімен, заманымыздың батырларымен Тед-х форматында кездесу	25-29.09.2023	ҚР Қорғаныс министрлігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, «Жас Сарбаз» қозғалысы
19	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткібізнесіне қарсы күрес: «Біз біргеміз» «Мектеп спорты», ««Ертеңінді ойласаң есірткіге жолама» спортойындары күні	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	Конкурс черлидерлер, отбасылық эстафеталар, флешмоб спорттық акция	28-30.09.2023	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі; ҚР ІІМ қарасты жергілікті полициясы департаментінің өкілдері	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Тәлімгер Мектеп парламенті
20	«Қарттарым - асыл қазынам» 1 қазан қарттар күні «Аталар сөзі» мақал-мәтел сайысы «Атадан қалған асыл сөз» мәнерлеп оқу сайысы «Атадан тал қалғанша мал	1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар	Сынып сағаты	29.09.2023	Ардагерлер кеңесі	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер

қалсын» суреттер байқауы «Аталар сөзі – тәрбие көзі» кездесу «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» көрме ұйымдастыру «Әке - асқар тау, ана – қайнар бұлақ» эссе байқауы «Әкешім бәйтерегім!» видеороликтер сайысы «Әке жолы - ізгі жол» сахналық қойылым	4-сыныптар				
	5-сыныптар				
	6-сыныптар				
	7-сыныптар				
	8-11-сыныптар				

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Бір отбасы – бір кітап» «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйіктімектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	1-11 сыныптар	(«Балалар кітапханасы» жобасы)	02.10-06.10.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары -3	ДТЖО Сынып жетекші Кітапхана

2	Даналық мектебі (ЖОБА)	Бірлескен жұмыс	Кейс ашу	02.10-06.10.23	«Аталар» «Әжелер» «Аналар» «Әкелер» клубы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші
3	«Ұлы дала перзентімін» ұстаздар күніне орай өзін өзі басқару күні «Ұстаз! Сіздің алдыңызда» Ұстаздар мерекесіне арналған «Менің алғашқы ұстазым!» видеоролик «Ұстазым, менің Ұстазым!» құттықтау «Ұлағатты ұстаз» кездесу «Ұстаз – ұлы есім» кездесу «Ұстаздық еткен жалықпас» тәрбие сағаты «Менің сүйікті ұстазым» сұхбат «Ұстазсыз шәкірт тұл» сахналық қойылым «Тағылымды ұстаз» құттықтау «Алтын жүректі ұстаз» эссе «Менің арманымдағы ұстаз» шығарма	1-11 сыныптар	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) сынып сағаты видеороликтер т.б	03.10.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Мектеп парламенті
4	«Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» ПБ-ның қызметкерлері кездесу	8-11 сынып ер балаларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізу;	Хаттама	06.10.23	ПБ-ның қызметкерлері	ДТЖО Сынып жетекші
5	Эссе байқауы: «Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай	9 сыныптар	Анықтама	09.10-13.10.23	ПБ-ның қызметкерлері	Қазақ тілі әдебиет пән бірлестігі

	жасауға болады?»					ДТЖО Сынып жетекші
6	11 қазан халықаралық «Қыздар күніне» орай жоспар жасап, бекіту; «Қыз қылығымен сүйкімді» қыздар клубының отырысы.	5-11 сыныптар	Анықтама	09.10-14.10.23	Қыздар клубы	Қыздар клубының мүшелері
7	«Оқушы келбеті қандай болу керек?»	8-11 сыныптар	Анықтама	09.10-14.10.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Дебат фракциясы
8	«Тұлғаның ақпараттық – психологиялық қауіпсіздігі»	психологиялық сағат өткізу	Анықтама	09.10-14.10.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Педагог психолог
9	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	1-11 сыныптар	Сыныптантыс іс- шара	11.10.2023ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші Педагог-психолог
10	«Қауіпсіз мектеп» акциясы «Бағдаршам әліппесі» «Қауіпсіз терезе» Абайлаңыз, балақай! «Мен және менің инспекторым» «Әлеуметтік желідегі қауіпсіз әлем» «Буллинг және оның алдын алу» «Буллинг – оқушы, қамқор ата-ана» «Өрт қауіпсіздігі»	1-11 сыныптар 1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар 4-сыныптар 5-сыныптар 6-сыныптар 7-сыныптар	тәрбие сағаты	09-13.10	ҚР Ішкі істер министрлігі, жол полициясы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	ДТЖО Тәлімгер

	«Буллинг құрбаны - жасөспірімдер» «Суицид - қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...»	8-сыныптар 9-сыныптар 10-сыныптар				
11	«Жүрек жылуы»	5-7 сыныптар	ата-аналарға арналған тренинг	14.10.23	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекшілер Психолог
12	«ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ДАРА ЖОЛЫ»	1-11 сыныптар	сынып жетекшілерінің онкүндігі	16-26.10.23ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО сынып жетекшілер
13	«Жақұты барға жасын түспейді»	10-11 сыныптар	(«Балалар кітапханасы» жобасы)	18.10.2023ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Кітапхана Сынып жетекші
14	«Кідіріс жасап, айналаңа кара. Өткендісараптап, келер күнді бағамда»	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сыныптантыс іс-шара	19.10.2023ж	ҚР Ішкі істер министрлігі жол полициясы	ДТЖО Сынып жетекші, ҚР ПІМ қарасты жергілікті жол полициясы департаментінің өкілдері
15	«Бес нәрсеге асықбол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») «Әкем айтқан нақылсөз...» «Даналық мектеб» «Менің бизнес идеяларым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-8 Сыныптар 9-11 сыныптар	Сыныпсағаты	20.10.2023ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер

16	«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында Республика күні «Әнұран орындау» байқауын ұйымдастыру	1-11 сынып жетекшілері	Анықтама челлендж	23.10.2023ж сағ 12.00	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
17	«Ел тірегі» Әскерге шақырылушыларды Қарулы Күштер қатарына салтанатты шығарып салу жиынына шақыру («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	10-11 сыныптар	Республикалық акция	24.10.2023ж	ҚР Қорғанысминистрлігі	ДТЖО Сынып жетекші
18	«Ата-анаммен өткізген бір күнім» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-10 сыныптар	Ата-аналар академиясы	27.10.2023ж	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші
19	«Өнегелі өмір» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-11 сыныптар	Сынып сағаты	27.10.2023ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
20	Күзгі демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары	1-10 сыныптар	Жоспар	30.10-05.11.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Әлеуметтік педагог Психолог Тәлімгер Пән мұғалімдер
21	«Ел тірегі» Әскерге шақырылушыларды Қарулы Күштер қатарына салтанатты	10-11 сыныптар	Республикалық акция	30.10-05.11.23	ҚР Қорғанысминистрлігі	ДТЖО Сынып жетекші, ҚР Қорғаныс министрлігінің

шығарып салу жиынына шақыру («Жеткіншектің жеті жарғысы»)					жергілікті өкілдері
--	--	--	--	--	---------------------

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«2023-2024 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері» атты бірыңғай ата-аналар жиналысын өткізу	1-11 сыныптар	Хаттама	01-02.11.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Мектеп әкімшілігі 1-11 сынып жетекшілері
2	«Тенге – ұлттық құндылығымыз»	1-10 сыныптар	Анықтама	06-11.11.23	Үкіметтік емес ұйымдар, ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Дебат фракциясы
4	«Есірткі және құқықбұзушылық!»	5-11 сынып	Хаттама	06-11.11.23	ҚР Ішкі істер министрлігі полициясы	Тәрбие бөлімі 5-11 сынып жетекшілері
5	«Мейірімділік керуені» «Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан	1-11 сыныптар	Қайырымдылық акциясы демеушілерді марапаттау	7.11.2023	Үкіметтік емес ұйымдар ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім	ДТЖО Сынып жетекші Әлеуметтік педагог Тәлімгер

	меценаттар мен				беру ұйымдары	
6	«Әкеге-ізет, анаға-құрмет» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы) «Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы) «Жақұты барға жасынтүспейді» («Балалар кітапханасы»жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар 10-11 сыныптар	Сыныпсағаты	10.11.2023ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекшіі
7	«Жол тәртібін бұзбайық!»	5-9 сыныптар	пікірталас	13.11-17.11.23	ҚР Ішкі істер министрлігі жол полициясы	Дебат фракциясы Тәлімгер
8	Түнгі қаладағы балалар тақырыбындағы рейдтік шаралар ұйымдастыру	1-11 сыныптар	рейд	13.11-17.11.23	ҚР Оқу- ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО 1-11 сынып жетекшілері
9	Интернет желісінде балалар порнографиясы, зорлық зомбылық қатыгездік, суицид, лудомания құқық, қайшы контенттің таралуын болдырмау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	5-11 сынып	Хаттама	13.11-17.11.23	ҚР Оқу- ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекшілері психолог
10	Балалардың өмірге құштарлығын арттыру бағытында «Өмір адамның басты қазынасы!» тақырыбында, мектепшілік аналар және әкелер одағы мүшелерінің қатысуымен 8-11		Анықтама	13.11-17.11.23	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі	Тәрбие бөлімі

	сынып оқушылары арасында және ерекше қажеттілікті қажет ететін оқушыларды қатыстыра отырып дөңгелек үстел өткізу					
11	«Тоғызқұмалақ-day» «Ұлттық мектеп-лигасы» жобасы «Мектеп спортының үздігі» жоғарыайырым белгісін енгізу	1-6 сыныптар	сайыс	13.11-17.11.23	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші Дене шынықтыру пән бірлестігі
12	«Dombra party» /Домбыра үйірмесіне қатысушылар/	Этномузыка кеші	Анықтама	13.11-17.11.23	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі	Музыка пән мұғалімі
13	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналыұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтары	9-11 сыныптар	Түсіндірме жұмыстары	15.11.2023	ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	ДТЖО Сынып жетекші
14	19 қараша «Темекі шегуге қарсы» күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»	5-9 сыныптар	Флешмоб Анықтама	16.11.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
15	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	17.11.2023	ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	ДТЖО Сынып жетекші
16	«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ойыны» ұлттық жарысын ұйымдастыру	1-11 сыныптар	челлендж	17.11.2023ж 12:00	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО 1-11 сынып жетекшілері

17	20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай іс-шара «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» Лудомания, булинг, кибербулинг	1-11 сыныптар	сынып жиналысы	20.11-30.11.23	ҚР Оқу- ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Психолог
18	«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер байқауын ұйымдастыру (I кезең)	9-11 сыныптар	әскери-патриоттық әндер фестивалі	22.11.2023	ҚР Қорғанысминистрлігі жергілікті өкілдері «Жас Сарбаз» қозғалысының аймақтық филиал төрағалары, ҚР Қорғаныс министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші
19	«Отбасылық дәстүрлер» отбасықұндылықтарын насихаттау, «Балалар мен жасөспірімдерді интернет – кеңістікте деструктивті қауымдастықтарға тартылуының алдын алу» «Қазақстандағы дәстүрлі емес діндер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-11 сыныптар	Кездесу теолог сағаты жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджер	24.11.2023	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін басқармасы	ДТЖО Сынып жетекші
20	«Өнегелі өмір» «Бабалар салған ізімен...» «Әлемді бағындырған жерлесіміз» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	Тәрбиесағаты	30.11.2023	ҚР Оқу- ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші

2023-2024 оқу жылы
2024 жыл ақпан айындағы тәрбие жоспары
АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	07.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Кітапханашылар
2	«Поэзияның асқар шыңы Мұқағали»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	08.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
3	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы) «Қауіпсіз интернет» (Ғаламтор ұлттық жобасы) «Ауғанның асуында от кешкендер» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	Сыныпсағаты	13.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
4	«Мен және менің полицейім» «Сен өз құқығыңды білесің бе?» «Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	Сыныпсағаты	16.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші

	жарғысы» жобасы)					
5	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-11 сыныптар	дебат	16.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Дебат фракциясы
6	Кибербуллинг. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету.	5-11 сыныптар	Ашық ақпараттық сабақтар	20.02.2024ж	ҚР Ақпараттық қауіпсіздік комитеті	ДТЖО Сынып жетекші Психолог
7	Абайдың «Толықадам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сахналық қойылым	21.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Мектеп театры
8	Республикалық «Айбын» жастар слеті	«Жас сарбаз»	жастар слеті	21.02.2024ж	ҚР Қорғаныс министрлігі «Жас Сарбаз» ҚР Қорғаныс министрлігінің жергілікті өкілдері	АӨП ұйымдастырушы жетекшісі «Жас Сарбаз» қозғалысы
9	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-5 сыныптар	Ата-анасағаты	22.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
10	«Тұмаудан сақтанайық» вирустық жұқпалы аурулардың алдын алу «Зиянды әдеттерден аулақ бол»	1-4 сыныптар 5-11 сыныптар	Сынып сағаты	23.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші
11	Оқуға құштар мектеп» жобасы «Сүйікті кітабым» көрмесін ұйымдастыру оқуға құштар мектеп	1-11 сыныптар	челлендж	28.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Бірлестік

	#люблючитать #моялюбимаякнига					жетекшілері
12	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Тұлпар мініп ту алған»	5-11 сыныптар	батырлар жырын оқу эстафетасы	29.02.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Алғыс айту парызым» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	1.03.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
2	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты Өзін өзі басқару	6-7.03.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Мектеп парламенті
3	«Үміт сәулесі» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	акция	12.03.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Әлеуметтік педагог Тәлімгер
4	«Ұмыт болған ұлттықтағамдар» («Ата-аналар	5-11 сыныптар	көрме	12.03.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі,	ДТЖО Сынып жетекші

	мектебі» жобасы)				Денсаулық сақтау министрлігі	
5	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	8-10 сыныптар	Түсіндірме жұмыстары	13.03.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші
6	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-7 сыныптар	Сән үлгілерін көрсету	14.03.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
7	«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	15.03.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
8	«Қош келдің Өз Наурыз» онкүндік «Сәлем сөздің патшасы» «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	Сынып сағаты	15.03.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
9	Көктемгі демалыс	1-11 сыныптар	Іс-шаралар	21-31.03.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші
10	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар»	1-11 сыныптар	спорттық іс-шаралар	25-29.03.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау	ДТЖО Сынып жетекші

министрлігі

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жасарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Ән байқауы	03.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
2	«Құстар біздің досымыз» «Достық – көмекпенмықты» «Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	05.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
3	«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы («Жеткіншектің жеті жасарғысы» жобасы)	9-11 сыныптар	қойылым	09.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Мектеп театры
4	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Шахмат және тоғызқұмалақ- ұлтымыздың ақыл-ой спорт түрі» #игравшахматы #шахматистыказахстана #шахматойыны	1-11 сыныптар	Турнир челлендж	12.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Дене шынықтыру бірлестігі

5	«Сөз кәдірі – өз кәдірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-11 сыныптар	дебат	11.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Дебат фракциясы
6	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	12.04.2 024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
7	«Кітапханаға саяхат» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-7 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	18.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне	ДТЖО Сынып жетекші Кітапханашылар
8	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	19.04.2 024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
9	«Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде»	1-11 сыныптар	сынып жетекшілерінің онкүндігі	22.04- 03.05	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
10	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сынып тар	Сыныпсағаты	26.04.2 024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
11	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата- аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер » клубы 5-8 сынып тар	Сыныптан тыс іс-шара	26.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
12	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	30.04.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	3.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
2	7,9 мамыр - «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	6-8.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші
3	«Медиа time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Видеороликтер байқауы	6.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші «Жас Ұлан» «Жас сарбаз» Тәлімгер
4	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Жасыл мекен» акциясы #заботаоприроде #посадкадерева #жасылмекен	1-11 сыныптар	челлендж	12.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Жаратылыстану бірлестігі

	#енбекқорлық					
5	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі, Әкелер клубы	Сыныптан тыс іс-шара	13-14.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Кітапханашылар
6	Әскери-патриоттық оқу-дала жиыны	11 сынып	Дала жиыны	13-17.05.2024ж	ҚР Қорғаныс министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші АӘД және технология жетекшісі
7	«Менің кіші отанымның қартасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	конкурс	13-17.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
8	«Отбасы FEST» («Ата-аналар мектебі» жобасы) отбасы күні	1-11 сыныптар	фестивалі	15.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші
9	«Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-11 сыныптар	марапаттау	17.05.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Дене шынықтыру бірлестігі
10	Сыңғырла соңғы қоңырау	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын	25.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Тәлімгер

Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



А.Беделбеков